

Көрме

Тақырыбы: «Берекелі күз келді»

Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту, шығармашылық қабілеттерін дамыту, ата-ана мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Іс- шараның мазмұны:

«Берекелі күз келді» тақырыбында ата-аналармен бірлескен көрме және мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Ата-аналар балаларымен бірге күзгі табиғи материалдардан түрлі қолөнер бұйымдарын, көкөністер мен жемістерден композициялар дайындап, көрмеге ұсынды.

Іс-шара барысында балалар күз туралы тақпақтар айтып, әндер орындады, би биледі және қызықты ойындарға қатысты. Ата-аналар балаларымен бірге сайыстарға қатысып, шығармашылық жұмыстарын таныстырды.

Шара соңында белсенді қатысқан отбасылар Алғыс хаттармен марапатталды. Іс-шара көтеріңкі көңіл күйде өтіп, ата-ана мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға және балалардың шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етті.

Көрмеде:

- «Күзгі орман» композициясы;
- «Берекелі бақша» макеті;
- Жемістер мен көкөністерден жасалған ертегі кейіпкерлері;
- Табиғи материалдардан жасалған жануарлар мен құстар;
- Күзгі жапырақтардан құрастырылған аппликациялар;
- «Алтын күз» тақырыбындағы отбасылық шығармашылық жұмыстар ұсынылды.

Көрменің мақсаты – ата-ана мен баланың бірлескен шығармашылық жұмысын қолдау, табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу және балалардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту болды. Ата-аналар өз жұмыстарын таныстырып, тәжірибелерімен бөлісті. Көрме мазмұнды әрі тартымды өтіп, барлық қатысушылардың қызығушылығын арттырды.

Қорытынды:

«Берекелі күз келді» атты ата-аналармен бірлескен көрме жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өз мақсатына жетті. Іс-шара барысында ата-аналар мен балалар табиғи материалдардан әсем шығармашылық жұмыстар дайындап, өз өнерлері мен қиялдарын көрсетті. Көрме балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға және отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға ықпал етті. Іс-шара соңында белсенділік танытқан барлық отбасыларға алғыс білдіріліп, алдағы уақытта да осындай бірлескен іс-шараларға белсенді қатысуға шақырылды.